«Қазақстанда Халықаралық суды бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету»		
Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*	Жұмыстың толық құны:	110 685 051,78 тг.
Ішкі бағдарлама: *105 «Көршілес мемлекеттермен су қатынастарын реттеу, шекарааралық суларды тиімді пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру»*	2021 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	48 413 000,00 тг.
Ерекшелігі: *156 «Консультациялық қызметтер мен зерттеулер үшін төлем»*	Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
Мердігер: «Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясы» қоғамдық қоры	а) жылдың басынан:	16 296 683,00 тг.
	б) есептік ай бойынша:	3 286 827,00 тг

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

2021 жылғы мамыр айы бойынша

2021 жылғы 23 ақпандағы № 2 қосымша келісім бойынша
25.06.2020 ж. № 83 Мемлекеттік сатып алу туралы шартына сәйкес

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының
Қазақстан Республикасындағы
атқарушы дирекциясы»
қоғамдық қоры
Директор
Бекпияз Б.К.

2021 жылғы 20 мамыр

Алматы қ. 2021 ж.

Халықаралық Арал теңізін құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының аннотациялық есебі

2021 жылғы мамыр айына

Халықаралық суды бағалау орталығының (*бұдан әрі* – ХСБО) 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс–шаралар орындалды.

1. «Штаттан тыс жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою тетіктерін жетілдіру» жобасын орындау және қаражат тарту

Жобаны қолдау туралы Орталық Азия елдеріне ресми өтініш жіберу бөлігінде Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен және ҚР ЭГТРМ Экологиялық саясат және тұрақты даму департаментімен жұмыс консультациялары өткізілді.

БҰҰ ЕЭК хатшылығымен және Еуропалық Одақпен жұмыс консультациялары өткізілді. Жобалық ұсыныс WECOOP ЕО өңірлік жобасы шеңберінде қаржыландыруға алдын ала мақұлданды.

Қазіргі уақытта жобаның бюджетін нақтылау және жобаның компоненттері бойынша техникалық тапсырмаларды дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2. ХСБО-ның жобалық ұсыныстарды жаңарту және оларды орындауға арналған қаржыландыруды іздеу

ХСБО словак тарапымен Орталық Азия елдерінің мамандары үшін гидрометеорологиялық қызмет көрсету бойынша семинар тренинг өткізу туралы жұмыс консультацияларын өткізді.

Словакиялық Vodohodpodarska vystavba, MicroStep-MIS компанияларын және Словак гидрометеорологиялық институтын осы іс-шараны ұйымдастыруға атсалысу туралы алдын ала келісімге қол жеткізілді. Словак тарапымен консультацияда семинар концепциясы және семинардың алдын ала бағдарламасы әзірленді, болжамды күні, негізгі тақырыптары мен спикерлері айқындалды. Семинардың тұжырымдамасы мен бағдарламасы қоса беріледі. *1-қосымша–Семинар тренингінің тұжырымдамасы мен бағдарламасы.*

Мамыр айының соңында словакиялық компаниялар өкілдерінің қатысуымен семинар-тренинг бағдарламасын, сондай-ақ ұйымдастыру мәселелерін талқылау және нақтылау бойынша ХСБО жұмыс кеңесін өткізу жоспарлануда.

3. ХСБО жұмысының 2022-2024 жылдарға арналған жаңа бағдарламасының жобасын әзірлеу.

2021 жылғы 26-28 сәуір аралығында су ресурстарын бірігіп басқару жөніндегі Жұмыс тобы мен Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенцияны мониторингілеу және бағалау жөніндегі жұмыс тобының үшінші бірлескен отырысы өтті. Отырыста ХСБО жұмысының нәтижелері және 2022-2024 жылдарға арналған Жұмыс бағдарламасының негізгі бағыттары туралы ақпарат ұсынды. Жұмыс топтары ХСБО қызметін құптады және Тараптар кеңесінің тоғызыншы сессиясында ұсыну үшін Конвенция Бюросының консультацияларында ХСБО жұмысы бағдарламасының жобасы бойынша одан әрі жұмысты тапсырды.

ХСБО жұмыс бағдарламасының жобасы трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция Бюросының отыз екінші отырысында да таныстырылды. Бюро бағдарлама жобасын қолдады және ХСБО-дан бағдарламаның түпкілікті жобасын Бюроның келесі отырысының қарауына ұсынуды сұрады.

4. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау және Конвенцияның жұмыс органдарының отырыстарына (Бюро, Су ресурстарын бірігіп басқару жөніндегі жұмыс тобы, мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобы, су және климат жөніндегі нысаналы топ, су, энергия және азық-түліктің өзара байланысы жөніндегі нысаналы топ) және Конвенцияны орындау шеңберінде ұйымдастырылатын басқа да іс-шараларға қатысу

4.1 2021 жылғы 26-28 сәуір аралығында онлайн режимде Су ресурстарын бірігіп басқару жөніндегі Жұмыс тобы мен Конвенцияны мониторингілеу және бағалау жөніндегі Жұмыс тобының үшінші бірлескен отырысы өтті. Отырыстың негізгі мақсаты Конвенция Тараптары Кеңесінің тоғызыншы сессиясының (2021 жылғы 29 қыркүйек – 1 қазан, Женева қ., Швейцария), оның ішінде 2022-2024 жылдарға арналған Конвенция жұмыстарының бағдарламасының құжаттарын талқылау болды.

Отырыс қорытындысы бойынша Жұмыс топтары Конвенцияның 2022-2024 жылдарға арналған Жұмыс бағдарламасының жобасы, Трансшекаралық контексте су ресурстарын бөлу жөніндегі басшылықтың жобасы, ТДМ 6.5.2 нысаналы көрсеткіші және басқа да мәселелері бойынша шешімдер қабылдады. Отырыстың қорытындылары туралы толығырақ ақпарат *2 – қосымшада – Жұмыс топтарының бірлескен отырысы туралы ақпарат берілген.*

4.2 2021 жылғы 29-30 сәуір аралығында бейнеконференция форматында Конвенция Бюросының 32-отырысы өтті. Отырыс 2021 жылғы қазанда тоғызыншы сессияда қабылданатын Конвенция Тараптары кеңесі шешімдерінің жобаларын қарауға және талқылауға арналды. ХСБО Конвенция Бюросының төрағасы үшін отырысты жүргізу тәртібін дайындады. Жүргізу тәртібі қоса беріледі. *3-қосымша–Конвенция Бюросының 32-отырысын жүргізу тәртібі.*

5. Орталық Азияның су-энергетикалық ресурстарын пайдалану тетігін құрудың өңірлік процесіне қатысу

2021 жылғы 20 мамырда Стокгольм Халықаралық су институтымен (SIWI) және Корвинус Будапешт Университетімен ынтымақтастықта Blue Peace бастамасының қолдауымен ұйымдастырылған «Су тұрақты қалпына келтірудің қозғаушы күші ретінде: Орталық Азиядағы су ресурстарын басқарудың экономикалық, институционалдық және стратегиялық аспектілері» бағдарламасы шеңберінде төртінші вебинар өтті.

Кеңесте тұрақтылық пен бейімделуді нығайту үшін Орталық Азиядағы су бойынша стратегиялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Негізгі спикерлер профессор Су және бейбітшілік мәселелері бойынша жоғары деңгейдегі жаһандық топтың төрағасы Данило Тюрк, ЕО-нын Орталық Азиядағы арнайы өкілі, Елші Питер Буриан, сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның жанжалдарды болдырмау орталығының директоры Туула Юрьела сөз сөйледі. Орталық Азия және Ауғанстан Сыртқы істер, экономика және қаржы министрліктерінің, стратегиялық зерттеулер ұлттық институттарының өкілдері су секторындағы стратегиялық сын-қатерлер мен оларды шешу жолдары туралы ақпарат берді. Вебинар кезінде талқылау барысы туралы толығырақ ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. *4-қосымша-Корвинус бағдарламасы шеңберіндегі төртінші вебинардың материалдары.*

ХСБО вебинар жұмысына директордың орынбасары Маутанова Ж.Т. және бас сарапшы Жакен К.М қатысты.

6. Қазақстанның Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Венгрияның Ішкі істер министрлігі, Словакияның Қоршаған орта министрлігі арасындағы су ресурстарын басқару саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумдардың орындалуына жәрдем көрсету

ХСБО 2019 жылғы 29 сәуірде қол қойылған Қазақстан мен Венгрия арасындағы су ресурстарын басқару саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандумның ережелерін орындау бойынша ұсыныстар дайындады.

Қазақстандық және Венгерлік сарапшылардың қатысуымен Су ресурстарын басқару бойынша бірлескен сараптама тобын құру және сараптама тобының жұмыс жоспарының жобасы бойынша ұсыныстар ХСБО-ның хатымен ҚР ЭГТРМ-не жолданды. *5–қосымша–Венгриямен Меморандумдарды орындау жөніндегі ұсыныстар.*

7. Қазақстанда, Орталық Азия елдерінде және әлемнің басқа да өңірлерінде ұйымдастырылатын трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі іс-шараларға қатысу

28 сәуірде Словакия Үкіметінің ұйымдастыруымен онлайн режимде Орталық Азиядағы «жасылды» қалпына келтіру және технологиялар бойынша семинар өтті. Семинар Словакия Республикасының жеке

мүмкіндіктерді, оның ішінде олардың Өңірлік даму бағдарламаларына қатысуын анықтауға бағытталған. Іс-шарада су ресурстарын басқаруға баса назар аудара отырып, Орталық Азиядағы «жасылды» қалпына келтірудің шешімдері, сондай-ақ «жасыл» инвестициялар аясында болашақ жобаларға арналған идеялар талқыланды.

Семинарда ХСБО директоры С.Ахметов ХСБО-ның ағымдағы және болашақ Жұмыс бағдарламасы шеңберінде словак тарапымен ынтымақтастықты дамыту туралы презентация жасады. Ол Орталық Азия мамандары үшін гидрометеорологиялық қызмет көрсету және гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі саласындағы тренингтер өткізу бөлігіндегі ынтымақтастық туралы ұсынысты және басқа да ұсыныстарды айтты. Толығырақ ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. *6-қосымша – Орталық Азиядағы «жасылды» қалпына келтіру және технологиялар жөніндегі семинар туралы ақпарат.*

8. Қаржыландыру.

Мамыр айындағы қаржыландырудың жалпы сомасы

3 286 827 теңге, оның ішінде:

- есептелген еңбекақы төлемі – 2 203 062 теңге

(еңбекақы-1 990 000, әлеуметтік салық - 135 210, әлеуметтік аударымдар – 38 052, медициналық сақтандыруға аударымдар-39 800);

- кеңсені жалға алу– 723 800 теңге;
- қамтасыз етушілерге қызметтері үшін ақы төлеу – 187 385 теңге
- үстеме шығындар – 172 580 теңге – 25.06.2020 ж. № 83 қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған «ҚР ХАҚҚ Атқарушы дирекциясы» ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) 1 – қосымша-Семинар тренингінің концепциясы мен бағдарламасы, 4 б-ке;

2) 2 – қосымша-Жұмыс топтарының бірлескен отырысы туралы ақпарат, 2 б-ке;

3) 3 – қосымша-Конвенция Бюросының отырысын жүргізу тәртібі, 6 б-ке;

4) 4 – қосымша-Корвинус университеті бағдарламасы шеңберіндегі төртінші вебинардың материалдары, 3 б-ке;

5) 5–қосымша–Венгриямен меморандумдарды орындау жөніндегі ұсыныстар, 3-ке.

6) 6-қосымша – Орталық Азиядағы «жасылды» қалпына келтіру және технологиялар жөніндегі семинар туралы ақпарат, 3 б-ке.

Директор **Б. Бекнияз**